



Ұйым ұстанымы – қауіпсіз әлем



Суретті түсірген А.ДІСІСНІЕВ, Е.ЖИЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Саммит бейнеконференция форматында өтті.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Жиында Мемлекет басшысы Үндістанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалық еткені үшін осы елдің Премьер-министрі Нарендра Модиге алғыс айтты. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раисиді ШЫҰ-ға толыққанды мүше мемлекет мәртебесін

иеленуімен құттықтап, Беларусь Республикасының да Ұйымға мүше болу процесі аяқталуға жақын екенін атап өтті. – Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық беделі жоғары. Бүгінде табысты әрі көпжақты ұйымға айналды. Жер шары халқының шамамен жартысын қамтитын ШЫҰ – күн тәртібінде ауқымды мәселелерді қарастыратын бірегей еуразиялық ұйым. Әлемдік ІЖӨ-нің төрттен бірі,

дүниежүзілік сауданың 15 пайызы біздің мемлекеттеріміздің үлесіне тиесілі. Саяси ықпалы зор, экономикалық мүмкіндігі мол және орасан зор адам ресурсына ие ШЫҰ орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге және адамзаттың заманауи сын-қатерлерін еңсеруге елеулі үлес қоса алатынына сенімдімін. Жаһандық тәртіпті түбегейлі трансформациялау жағдайында бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленістің, сауда және санкциялық соғыстардың, сондай-ақ басқа да заманауи сын-қатерлердің күшейе түскеніне куә болып отырмыз. Халықаралық құқық негіздері мен оның маңызды қағидатының, яғни теңдей, бірлескен, бөлінбейтін, кешенді және тұрақты қауіпсіздіктің бұзылуы қалыпты жағдайға айналды. Осыған байланысты біз БҰҰ-ның орталық және үйлестіруші рөліне арқа сүйеп, анағұрлым байсалды, демократиялық және көпқолжарлы әлемді қалыптастыру бағытынан айнамауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ШЫҰ-ны құруға әуел бастан атсалысқан мемлекет ретінде Қазақстанның осы беделді ұйымға алдағы төрағалығы аясында ШЫҰ кеңістігіндегі достық пен тату көршілік қарым-қатынасты нығайтуға үлес қосып, оның жаһандық рөлін арттыруды жалғастыратынын айтты.

Мемлекет басшысы Ұйымға мүше барлық мемлекет үшін стратегиялық мәні бар басымдықтарға тоқталды.

(Соңы 2-бетте)

Тиімді серіктестік тереңдей түседі



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасының төрағасы Тошиаки Эндоны қабылдады.

Кездесуде Қазақстан мен Жапония арасындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдетудің және парламентаралық ықпалдастықты нығайтудың өзекті мәселері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тошиаки Эндоға ілтипат білдіре отырып, азаматтарымыздың жапон халқына құрметі ерекше екенін айтты.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы сенімді қарым-қатынастың айрықша деңгейде екенін атап өтті. Сондай-ақ Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасының өзара байланыстарды нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақ-жапон қатынастары саласында экономикалық бағыт маңызды рөл атқарады. Президент сауда және инвестициялық іс-әрекеттердің мол мүмкіндігіне назар аударып, еліміздің

экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге 8 миллиард доллар инвестиция құйған Жапония Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторларының ондығына кіретініне назар аударды. Сондай-ақ мемлекеттеріміз арасындағы тауар айналымы 2 миллиард долларға жеткенін атап өтіп, бұл көрсеткішті одан әрі арттыру үшін мол әлеует бар екенін жеткізді.

Тошиаки Эндо кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Жапония Премьер-министрі Фумио Кисиданың жолдаған хатын табыстады.

Парламенттік достық лигасының төрағасы Жапония Парламентінің барлық сала бойынша Қазақстанмен өзара тиімді серіктестікті кеңейтуге дайын екенін растады.

Құттықтау жеделхатын жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джоозеф Байденді және Америка халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент Қазақстан мен Американың қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергетика, инвестиция тарту, климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестіктің және екі ел халықтары арасындағы қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен өзара байланысын нығайтуға қолдау көрсеткені үшін ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев барлық саладағы ынтымақтастықтың одан әрі табысты дами беретініне сенім білдірді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Кәсіптік біліктілік туралы

Осы Заң Ұлттық біліктілік жүйесі шеңберінде кәсіптік біліктілікті тану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР
1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

(Жалғасы 7-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:
1) 1-баптың 1-тармағының 22), 46) және 82) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

(Жалғасы 8-бетте)

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Дәулетбек Қайырбекұлы Құсайынов Қазақстан Республикасының Канададағы Төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Сыртқы саясат және халықаралық байланыстар бөлімінің меңгерушісі лауазымынан босатылды

Форумға қатысады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін елорданың 25 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған Астананың бауырлас қалалары форумына қатысады.

АСТАНА АЙШЫҚТАРЫ

Елордадағы Журналистер саябағы

Кеше елордадағы «Егемен Қазақстан» көшесі бойынан Журналистер саябағы салтанатты түрде ашылды.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Астана қаласының әкімі Женис Қасымбек, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзәбекұлы, бірқатар республикалық бұқаралық ақпарат құралының басшылары, журналистика ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, мәдениет саласының қызметкерлері, елордалық мәслихат депутаттары мен журналистер қауымы қатысты.

(Соңы 6-бетте)

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Электр желісіндегі ақау мұнай-газ өнеркәсібін шығынға батырды

Президент Маңғыстау атом электр комбинаты мен Атырау мұнай өңдеу зауытындағы төтенше жағдайға кінәлілер заңға сәйкес жауапқа тартылатынын алға тартты.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Үкіметке аталған кәсіпорындарды қысқа мерзімде жұмыс жағдайына келтіру туралы тапсырма берді. Өйткені бұл

– ел экономикасын орасан зор шығынға ұшыратар алаңдатарлық ахуал.

Атырау қаласының дәл іргесінде орналасқан мұнай өңдеу зауытында тауарлы мұнай өнімдерінің 20-дан астам түрі шығарылады. Оның ішінде сұйытылған

көмірсутекті газдар, автомобиль жанармайы, дизель, реактивті қозғалтқыштарға арналған пеш пен кеме отындары, вакуумдық газойль, мазут, мұнай кокстары, техникалық күкірт, параксилол, бензол секілді өнімдер бар. Зауыттың мұнай өңдеу қуаты жылына 5,5 млн тоннаны, ал өңдеу тереңдігі 86,4 пайызды құрайды.

(Соңы 9-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Кәсіптік біліктілік туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

1) біліктілік бағдарламасы – кәсіптік біліктілігін тануға үміткер кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде белгілі бір жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, машық пен дағдыны қолдануға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылатын шаралар кешені;

2) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

3) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

4) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

5) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындауды үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

6) кәсіптер тізілімі – кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша электрондық нысанда жүйеленген ақпарат жынтығы;

7) кәсіптік біліктілігін тануға үміткер кандидат (бұдан әрі – кандидат) – өзінің кәсіптік біліктілігін тану үшін ерікті түрде, өз бетінше немесе жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жүгінген жеке тұлға;

8) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

9) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рсімі;

10) кәсіптік біліктілікті тану орталығы (бұдан әрі – тану орталығы) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген, кәсіптік біліктілікті тануды жүзеге асыратын заңды тұлға;

11) кәсіптік біліктілікті тануға арналған бірқалыбы ваучер (бұдан әрі – бірқолғы ваучер) – тіркелген жұмыссыз адамдарға берілетін және олардың кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіп бойынша кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен ақысыз негізде өту құқығын куәландыратын электрондық құжат;

12) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде кәсіптік біліктілікті тану бойынша басшылықты, сондай-ақ салалықк үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

13) кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат – кандидаттың кәсіптік біліктілігінің белгілі бір кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындауға қойылатын талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

14) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ерекше отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

15) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

16) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

17) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

18) өтініш беруші – кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін аккредиттеуге өтінім берген заңды тұлға;

19) салалық мемлекеттік органдар – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясынд) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

20) Ұлттық біліктілік жүйесі – біліктілікке еңбек нарығы тарапынан сұранысты және біліктілікке білім беру, оның ішінде информалды білім беру жүйесі тарапынан ұсынысты реттеу мен келісудің құқықтық және институционалдық құралдары мен тетіктерінің кешені;

21) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

2-бап. Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3. Осы Заңның күші:

1) мемлекеттік қызметшілерге, оның ішінде құқық қорғау қызметін, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткіріп жүрген мемлекеттік қызметшілерге, әскери қызметшілерге;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшілеріне;

3) судьяларға;

4) Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, мәслихат депутаттарына қолданылмайды.

4. Егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар осы Заңға сәйкес кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге құқылы.

3-бап. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу қағидаттары

Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) ақпараттың қолжетімділігі – кәсіптік біліктілікті танудан өту рәсімі туралы ақпаратқа ашық қол жеткізу;

2) ашықтық пен объективтілік – кәсіптік біліктілікті тану кезінде кандидаттар құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) тәуелсіздік – тану орталықтарының білім беру ұйымдарынан дербес болуы.

4-бап. Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) салалық мемлекеттік органдар;

4) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

6) аккредиттеу жөніндегі орган;

7) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган;

8) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер;

9) жұмыс берушілер;

10) кандидаттар;

11) тану орталықтары Ұлттық біліктілік жүйесіне қатысушылар болып табылады.

5-бап. Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдары

1. Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдары кәсіптік біліктілікті қалыптастырудың негізін айқындайды.

2. Мыналар:

1) ұлттық біліктілік шеңбері;

2) салалық біліктілік шеңберлері;

3) кәсіптік стандарттар мен біліктілік талаптары;

4) кәсіптер тізілімі Ұлттық біліктілік жүйесінің базалық құралдары болып табылады.

3. Ұлттық біліктілік шеңбері әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіптік қызметтің жалпы сипаттамаларын және білім беру деңгейін сипаттаудан тұрады.

Уәкілетті орган білім, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп ұлттық біліктілік шеңберін әзірлеуді және (немесе) жаңартуды жүзеге асырады.

4. Салалық біліктілік шеңбері Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленеді және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманың біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайды.

Салалық мемлекеттік органдар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеуді және (немесе) жаңартуды жүзеге асырады.

Кәсіптік біліктілікті тану осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша кәсіптік стандарттар әзірлеуді қаржыландыру Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің ұсынымдары негізінде бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) салалық мемлекеттік органдармен келісу бойынша меншікті қаражаты есебінен кәсіптік стандарттың жобасын дайындап, салалық мемлекеттік органның қарауына жібере алады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің, қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлануға және Ұлттық біліктілік жүйесін кешенді дамыту шеңберінде тиісті кәсіптік стандарттардың талаптарын ескеруге тиіс.

6. Кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің ұсынымдары негізінде кәсіптер тізіліміне енгізіледі.

Уәкілетті орган Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында өзі айқындаған тәртіппен кәсіптер тізілімін қалыптастыруды, жаңартуды және жүргізуді жүзеге асырады.

6-бап. Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы

1. Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы – мыналарды:

1) ұлттық және салалық біліктілік шеңберлерін;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышын;

3) бекітілген кәсіптік стандарттарды;

4) кәсіптер тізілімін;

5) тану орталықтарының тізбесін;

6) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылған, кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен жеке тұлғалар туралы дерекқорды;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін;

8) кәсіптік біліктілікті тану туралы берілген және күші жойылған құжаттардың тізілімін;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйе.

2. Уәкілетті орган өзі айқындаған тәртіппен Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын қалыптастыруды, қолдап отыруды және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, өзге де ақпараттық жүйелермен интеграциялауды, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша деректерді талдауды және өңдеуді жүзеге асырады.

2-тарау. КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКТІ ТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кәсіптік біліктілікті тану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі кәсіптік біліктілікті тану саласында:

1) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы

Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

8-бап. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган:

1) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның қызметін үйлестіреді;

3) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Салалық мемлекеттік органдардың кәсіптік біліктілікті тану саласындағы құзыреті

Салалық мемлекеттік органдар кәсіптік біліктілікті тану саласында:

1) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша жыл сайынғы негізде уәкілетті органға кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша жыл сайынғы негізде кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды уәкілетті органға жібереді;

3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жыл сайынғы негізде ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қалыптастырады;

4) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен келісу бойынша уәкілетті органға Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында қарау үшін кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес

1. Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау, үйлестіру мақсатымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан консультациялық-кеңесші орган – Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес құрылады.

Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, республикалық кәсіптік одақтар бірлестіктерінің, республикалық жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының), шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық бірлестіктердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның өкілдері, кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің төрағалары және кәсіпкерлік субъектілері кіре алады.

2. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту басымдықтарын айқындау жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдайды;

2) ұлттық біліктілік шеңберін бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің қызметі туралы ақпарат Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында орналастырылады және жарты жылда кемінде бір рет жаңартылып отырады.

11-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіптік біліктілікті тану саласында:

1) кәсіптік біліктілікті тану ерікті негізде жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша кәсіптік стандарттардың жобаларына қорытынды береді;

2) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында өзі аккредиттеген тану орталықтарының тізілімін жүргізеді;

3) өзі аккредиттеген тану орталықтарының қызметіне мониторинг жүргізеді;

4) уәкілетті органға Ұлттық біліктілік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12-бап. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер

Тиісті салаларда (аяларда) кәсіптік біліктілікті дамыту жөніндегі мәселелерді үйлестіру мақсатымен салалық мемлекеттік органдар жанынан уәкілетті орган айқындаған тәртіппен консультативтік-кеңесші органдар – кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер құрылады.

Салалық мемлекеттік органдар уәкілетті орган бекіткен, кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы үлгілік ереженің негізінде кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережелерді әзірлейді және бекітеді.

Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестің төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады.

13-бап. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган

Осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ұлттық біліктілік жүйесінің мәселелері бойынша консультациялық және әдіснамалық қызметті жүзеге асыратын Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғам нысанында құрылады.

14-бап. Жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының) салалық мемлекеттік органдармен Ұлттық біліктілік жүйесі мәселелері бойынша өзара іс-әрекеті

Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) салалық мемлекеттік органдармен осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіппен, оның ішінде:

1) салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды, кәсіптер тізілімін әзірлеуге және (немесе) жаңартуға;

2) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестердің, Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық кеңестің жұмысына;

3) Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау жұмысына қатысу арқылы өзара іс-әрекет жасайды.

3-тарау. КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІКТІ ТАНУ

15-бап. Кәсіптік біліктілікті тану тәртібі мен шарттары

1. Кәсіптік біліктілікті тану кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша міндетті немесе ерікті негізде жүзеге асырылады.

2. Кәсіптік біліктілікті ерікті негізде тану осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Кандидаттар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тану орталықтарында кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтеді.

Кәсіптік біліктілікті ерікті негізде тану кандидаттың қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қаражат есебінен не Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Тану орталықтары кәсіптік біліктілікті тануды өткізу рәсіміне қойылатын бірыңғай талаптарды қамтамасыз ету үшін біліктілік бағдарламаларын бекітеді.

Біліктілік бағдарламалары тиісті кәсіптік стандарттардың талаптары негізінде әзірленеді, ал олар болмаған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптары пайдаланылады.

Егер белгілі бір кәсіп түрін жүзеге асыруға үміткер адамдарға қатысты кәсіптік қызметті жүзеге асырудың міндетті шарты болып табылатын реттеу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленсе, кәсіптік біліктілікті міндетті негізде тану көрсетілген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Кәсіптік біліктілікті міндетті негізде тану лицензиялау, аттестаттау, сертификаттау, жеке тұлғалар қызметінің басталғаны туралы хабардар ету, тесілеу, біліктілік емтихандарын өткізу арқылы және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де тәсілдермен жүргізіледі.

6. Кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша кәсіптік біліктілікті тану тәртібі туралы ақпарат тану орталықтарының интернет-ресурстарында, Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында орналастырылады.

16-бап. Кандидаттардың құқықтары

Кандидаттардың:

1) салалық мемлекеттік органдардан, тану орталықтарынан кәсіптік біліктілікті тану тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;

2) біліктілік бағдарламасына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өтуге;

3) кәсіптік біліктілікті тану саласындағы бұзылған құқықтарын, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқығы бар.

17-бап. Тану орталығы

1. Осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттеуден өткен заңды тұлғалар тану орталықтарына жатады.

Аккредиттеу жөніндегі орган Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес тану орталықтарын аккредиттеуді жүзеге асырады.

2. Тану орталығы:

1) Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында тіркелуге және өзінің құрылымы мен қызметі, кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі көрсетілетін қызметтің құны туралы ақпаратты жариялауға;

2) емтиханды немесе емтихандарды өткізу және (немесе) қайта тапсыру мерзімдері мен шарттарын қоса алғанда, кандидаттарға кәсіптік біліктілікті тануды өткізу тәртібі туралы ақпаратты, кәсіптік біліктілікті тану үшін қажетті құжаттар тізбесін, оның ішінде оларды өзінің интернет-ресурстарында орналастыру арқылы беруді қамтамасыз етуге;

3) кәсіптік біліктілікті тану процесінде Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік және санитариялық-гигиеналық нормалар саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға және осы талаптар бұзылған кезде дереу ден қоюға;

4) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен біліктілік бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

5) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасын қалыптастыру туралы ақпаратты, кәсіптік біліктілікті тану үшін қажетті құжаттар тізбесін, оның ішінде оларды өзінің интернет-ресурстарында орналастыру арқылы беруді қамтамасыз етуге;

6) кәсіптік біліктілікті тану мәселелері бойынша апелляцияға берілген өтініштерді қарау тәртібін сақтауға;

7) кәсіптік біліктілікті тану бойынша көрсетілген қызметтің құнын белгілеуге;

8) мүгедектігі бар адамдар үшін кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту кезінде қажетті жағдайлар жасауға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа болуға міндетті.

18-бап. Кәсіптік біліктілікті тану емтиханынан немесе емтихандарынан өту үшін кандидатқа қойылатын талаптар

Кандидат кәсіптік біліктілікті тану емтиханынан немесе емтихандарынан өту үшін:

1) еңбек функцияларынан орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпке, өндіріс ерекшелігі мен еңбек қауіпсіздігі жағдайларына қойылатын талаптар негізге алына отырып белгіленген жасқа сәйкес келуге;

2) кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану үшін қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынуға;

3) кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өткен кезде Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитариялық-гигиеналық нормалар саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға тиіс.

19-бап. Кәсіптік біліктілікті тану шеңберінде формалды емес және (немесе) информалды білім беруді тану

1. Тану орталықтары кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту кезінде, егер формалды емес және (немесе) информалды білім беру нәтижелерін тану жөніндегі талаптар тиісті кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарында белгіленсе, формалды емес және (немесе) информалды білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін таниды.

2. Кандидат кәсіптік біліктілікті тану шеңберінде формалды емес білім беруді тану туралы шешімнің қабылдануы үшін тану орталығына білім беру қызметтерін ұсынатын ұйым берген сертификатты немесе оқуды аяқтағаны туралы куәлікті ұсынады.

3. Кандидат кәсіптік біліктілікті тану шеңберінде информалды білім беруді тану туралы

шешімнің қабылдануы үшін тану орталығына алған оқу нәтижелерінің сипаттамасын ұсынады.

20-бап. Дағдыны немесе дағдыларды тану

1. Тану орталықтарында жекелеген дағдыны немесе дағдыларды бір кәсіп шеңберінде тануға жол беріледі.

2. Егер дағдыны немесе дағдыларды тану жөніндегі талап тиісті кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарында белгіленсе, жекелеген дағдыны немесе дағдыларды тану жүзеге асырылады.

3. Жекелеген дағдыны немесе дағдыларды тану кезінде кәсіптік біліктілікті тану туралы құжатта дағдының немесе дағдылардың атауы, кәсіптік біліктілік пен кәсіптің атауы көрсетіледі.

21-бап. Кәсіптік біліктілікті тану туралы құжатты алу тәртібі

1. Емтиханды немесе емтихандарды тапсырған кандидаттар кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат алады.

2. Егер кандидат өзінің еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде емтиханның немесе емтихандардан өтпесе, тану орталығы емтиханды немесе емтихандарды қайта тапсыруға уақыт белгілейді.

3. Егер кандидат емтиханның немесе емтихандардан өту қорытындылары бойынша теріс шешім алса, тану орталығы кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес кандидатқа ұсынымдар береді және емтиханды немесе емтихандарды қайта тапсыру мерзімдерін айқындайды.

4. Кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың нысаны кәсіптік біліктілікті тану қағидаларында айқындалады.

5. Кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың қолданылу мерзімі кәсіптер тізіліміне сәйкес белгіленеді.

22-бап. Кәсіптік біліктілікті тану мәселелері бойынша апелляцияларды қарау ерекшеліктері

1. Кандидат кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту қорытындылары бойынша тану орталығы шешімнің нәтижелерімен келіспеген жағдайда өзіне нәтижелер туралы хабарлаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тану орталығына апелляцияға арналған өтінішті беруге құқылы.

2. Тану орталығы кандидаттың апелляцияға арналған өтінішін тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға тиіс.

3. Тану орталығы кандидаттың тану рәсімінен өту қорытындылары бойынша шешімнің нәтижелерімен келіспейтін туралы апелляцияға арналған өтінішін қарау үшін:

1) апелляциялық комиссия құруға;

2) кандидатты апелляцияға берген өтінішін қарау қорытындылары туралы хабардар етуге міндетті.

Апелляциялық комиссия кәсіптік біліктілікті тану қағидаларына сәйкес құрылады.

4-тарау. ТАҢУ ОРТАЛЫҚТАРЫН АҚКРЕДИТТЕУ

23-бап. Тану орталықтарын аккредиттеу

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тану орталықтарын аккредиттеуді уәкілетті органмен келісу бойынша ерікті және өтеусіз негіздерде жүргізеді.

2. Аккредиттеу мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

1) өтінімді және ұсынылған құжаттарды қабылдау, қарау;

2) ұсынылған құжаттарды сараптау;

3) өтініш берушінің тұрған жері бойынша зерттеп-қарау;

4) аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

5) қолданылу мерзімі үш жыл болатын аккредиттеу аттестатын беру;

6) аккредиттеуден кейінгі шартты жасасу.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тану орталықтарын аккредиттеуді жүргізу кезінде:

1) аккредиттеуді жүргізу барысында өтініш берушіден алынатын құжаттардың, ақпараттың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;

2) өтініш берушінің тұрған жері бойынша толық және объективті зерттеп-қарауды жүргізуге және өтініш берушінің аккредиттеу өлшемшарттарына сәйкестігін бағалау қамтылуға тиіс негізделген және объективті есепті беруге міндетті.

Осы бапта көзделген нормаларды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Уәкілетті орган тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта бастау және тоқтату қағидаларын бекітеді.

5. Тану орталықтарын қайта аккредиттеу осы баптың 2-тармағында көзделген барлық кезең сақтала отырып жүргізіледі. Өтініш беруші қайта аккредиттеуге арналған өтінімді аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі өткенге дейін алты ай бұрын береді.

24-бап. Аккредиттеу өлшемшарттары



(Соңы. Басы 7-бетте)

Уәкілетті орган аккредиттеуден кейінгі шарт- тын үділiк нысаны мен талаптарын бекітеді. 3. Тану орталықтарының қызметін монито- рингтеу тану орталықтарының кәсіптік біліктілікті тану рәсімін жүргізуі нәтижелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бақылауы арқылы жүзеге асы- рылады.

Тану орталықтарының қызметін монито- рингтеу нәтижелері бойынша аккредиттеу өлшемшарттарының бұзылғаны анықталған жағдайда осы Заңның 26-бабының 2-тармағына сәйкес шаралар қабылданады.

4. Теріс шешім қабылданған кезде өтініш берушіге аккредиттеуден бас тарту себептері көрсетілген жауап шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда жіберіледі.

5. Өтініш беруші аккредиттеуден бас тарту жөніндегі шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасауға құқылы.

26-бап. Аккредиттеу аттестатын қайта ресім- деу, кері қайтарып алу және оның қолданысын тоқтату

1. Тану орталығы қайта ұйымдастырылған (қосылған, біріктірілген, бөлінген, бөліп шығарылған, қайта құрылған) кезде аккредит- теу аттестаты тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта ресімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта ба- стау және тоқтату қағидаларына сәйкес қайта ресімделуге жатады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы аккредиттеу аттестатын мынадай жағдайларда:

1) тану орталығының аккредиттеу аттестаты кері қайтарып алу туралы жазбаша өтініші болғанда;

2) кәсіптік біліктілікті тану тәртібі бұзыл- ғанда;

3) аккредиттеу өлшемшарттарын және ак- кредиттеуден кейінгі шарт талаптарын бұзу- шылықтар анықталған кезде тану орталық- тарының қызметін мониторингтеу қорытын- дылары бойынша;

4) тану орталықтарында кәсіптік біліктілікті тану туралы құжат алған адамдарға қатысты расталған шағымдар анықталғанда кері қай- тарып алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тар- мақшасында белгіленген жағдайда осы адам- ға берілген кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың күші жойылуға жатады. Кәсіптік біліктілікті тану туралы күші жойылған құжат- тар туралы мәліметтер Ұлттық біліктілік жүйе- сінің цифрлық платформасында орналасты- рылады.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы осы баптың 2-тармағында көзделген оқиғалар басталған және (немесе) бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

4. Аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесі тану орталығына осы шешім қабылданған күннен бастап үш

жұмыс күні ішінде Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасы арқылы электрондық тәсілмен жіберіледі.

5. Тану орталығы аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алуға негіз болған бұзу- шылықтар жойылғаннан кейін Қазақстан Рес- публикасының Ұлттық кәсіпкерлер палата- сына аккредиттеу аттестатының қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдау үшін осы бұзушылықтардың жойылғаны жөніндегі мәліметтерді ұсынады.

Азаматтардың денсаулығына, тыныс-тіріші- лігін қамтамасыз етуге және қауіпсіздігіне бай- ланысты бұзушылықтар анықталған жағдайда аккредиттеу аттестатының қолданысы қайта басталмайды.

Аккредиттеу аттестаттарының қолданысы қайта басталуға жатпайтын тану орталық- тарының тізбесі, сондай-ақ олардың құрыл- тайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер Ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платфо- рмасында орналастырылады.

6. Аккредиттеу аттестатының қолданысы мынадай негіздер бойынша:

1) аккредиттеу аттестатын кері қайтарып алу туралы шешім болғанда;

2) аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі тоқтатылғанда;

3) тану орталығының қызметі тоқтатылғанда (таратылғанда);

4) кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қыз- метпен айналысуға тыйым салу туралы сот шешімі болғанда тоқтатылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«22) еңбек қатынастарына тікелей бай- ланысты қатынастар – осы Кодексте көз- делген жағдайларда еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға, жұмысқа орналастыруға, жұмыс- керлерді кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың кәсіптік біліктілігін арттыруға, сондай-ақ оны тануға, әлеуметтік әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын белгілеуге жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) қатысуына, еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға бай- ланысты қалыптастыын қатынастар»;

«46) жұмысты тарифтеу – орындалатын жұмыстарды кәсіптік стандартқа сәйкес белгілі бір күрделілікке жатқызу»;

«82) іссапар – жұмыс берушінің өкімі бойынша жұмыскерді тұрақты жұмыс орынан тыс басқа жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ жұмыскерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға, сондай-ақ кәсіптік біліктілігін тануға жіберу»;

2) 16-баптың 16), 16-1), 16-2) және 17) тар- мақшалары алып тасталсын;

3) 23-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) осы Кодекске және «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, олардың кәсіптік біліктілігін арттыруды және тануды қамтамасыз етуге»;

4) 32-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) тиісті білімді, машық пен дағдыны талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі туралы құжат, кәсіптік біліктілігін тану туралы құжат (бар болған кезде), арнаулы білімі немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжат»;

5) 66-баптың 3-тармағы 7) тармақшасындағы «жүргізілген кезеңде тоқтатыла туралы» деген сөздер «жүргізілген» деген сөзбен ауыстыры- лып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіптік біліктілігін тану кезеңінде тоқтатыла туралы»;

6) 101-баптың 8-тармағы мынадай редакция- да жазылсын:

«8. Жұмыскерлерге қойылатын біліктілік талаптары мен белгілі бір жұмыс түрлерінің күрделілігі кәсіптік стандарттар негізінде бел- гіленеді.»

7) 116-баптың 7) тармақшасы және 117-бап алып тасталсын;

8) 118-бапта: тақырып және 1-тармақ мынадай редакция- да жазылсын:

«118-бап. Кәсіптік даярлау, қайта даярлау, кәсіптік біліктілігін арттыру және тану

1. Ұйымның жұмыс істеуі мен дамуы үшін кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, кәсіптік біліктілігін арттырудың және танудың қажет- тілігі мен көлемін жұмыс беруші айқындайды.»;

1-1-тармақ алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толық- тырылсын:

«1-2. Кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша кәсіптік біліктілігін тану аккредиттел- ген кәсіптік біліктілікті тану орталықтарында жүргізіледі.»;

3, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жұмыс берушінің жолдамасы бойынша жұмыскерлерді кәсіптік даярлау, қайта даяр- лау, кәсіптік біліктілігін арттыру және тану оқытуға немесе кәсіптік біліктілігін тану бойн- ына қызметтер көрсетуге арналған шарттарға сәйкес жұмыс берушінің қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тый- ым салынбаған өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.»;

«5. Кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан, кәсіптік біліктілігін арттырудан және танудан өтетін жұмыскерлер жұмыс берушімен келісім бойынша жұмыстан босатылуы не жұмысты толық емес жұмыс уақыты жағдайында орын- дауы мүмкін.

6. Келісімде, ұжымдық және (немесе) еңбек шарттарында оқытуға және кәсіптік біліктілігін тануға байланысты жеңілдіктер, өтемақы тө- лемдері мен кепілдіктер көзделуі мүмкін.»

9) 153-баптың 4-тармағының 4) тармақшасы және 5-тармағы 4) тармақшасының төртінші абзацындағы «белгілеу» деген сөз «белгілеу ту- ралы ережелер көзделуге тиіс» деген сөздермен ауыстырылып, 5) тармақшасы алып тасталсын;

10) 157-баптың 2-тармағының 3) және 4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«3) босатылатын жұмыскерлердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оларды даярлау, біліктілігін арттыру, қайта даярлау, кәсіптік біліктілігін тану және жұмысқа орналастыру туралы;

4) даярлаудан, қайта даярлаудан, кәсіптік

біліктілігін арттырудан және танудан өтетін жұмыскерлерге, сондай-ақ жұмысты оқумен қоса атқаратын жұмыскерлерге берілетін кепілдіктер, жеңілдіктер мен өтемақы төлемдері туралы»;

2. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне:

7-баптың 72) тармақшасы мынадай редакция- да жазылсын:

«72) денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлейді және бекітеді»;

3. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы ратификация- лаған халықаралық шарттар осы Кодекстен басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасы аума- ғында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады»;

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Әлеуметтік қорғау саласында адам мен азаматтың тең құқықтылығы және олардың құқықтарын шектеуге жол бермеу

Әркім әлеуметтік қорғау саласында өз құқық- тары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерге ие болады. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жы- нысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көз- қарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына, денсаулық жағдайына, оның ішінде мүгедектігіне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.»;

3) 9-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 33-баптың 3-тармағының 4) тармақша- сындағы «айыптау үкімі шығарылған» деген сөздер «заңды күшіне енген айыптау үкімі бар» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 63-баптың 3-тармағының бірінші бөлігінде: мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жаса- ғаны үшін өзіне қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімі бар немесе сыбайлас жем- қорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тар- мақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған»;

5) тармақшадағы «сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған не» деген сөздер алып тас- талсын;

6) өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7) 83-баптың 1-тармағының 5) тармақша- сындағы «жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабар- сыз кеткен адамдарды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 86-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы «жедел-іздестіру іс-шара- ларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 86-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы «жедел-іздестіру іс-шара- ларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшада:

«адамды соттың хабарсыз кетті деп тану ту- ралы шешімінің күшін жою туралы сот актісінің күшіне енгенін» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының тоқтатылуын немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

«тоқтатылған» деген сөз «тоқтатыла тұрған» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 92-баптың 1-тармағының 6) тармақша- сындағы «жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабар- сыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел- іздестіру іс-шараларының жүргізілуін рас- тайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 95-баптың 1-тармағының 5) тармақ- шасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адам- ды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шара- ларының жүргізілуін растайтын құжаттың не- месе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын; «жәрдемақыны төлеу соттың адамды

хабарсыз кетті деп тану туралы шешімінің» деген сөздер «жәрдемақыны төлеу хабарсыз кет- кен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды хабар- сыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

11) 125-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жергілікті атқарушы орган жергілікті өкілді органның келісімі бойынша өңірдің ерекшеліктерін және (немесе) адамның (отба- сының) материалдық жағдайын ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек беру қажеттілігі неме- се қажеттілігінің болмауы туралы қорытынды шығару үшін қосымша негіздерді белгілей алады»;

12) 179-баптың 1-тармағының 3) тармақ- шасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу тура- лы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растай- тын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырыл- сын;

«жәрдемақы төлеу» деген сөздерден кейін «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған не- месе» деген сөздермен толықтырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

13) 182-баптың 1-тармағының 5) тармақ- шасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу тура- лы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растай- тын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырыл- сын;

«әлеуметтік төлем» деген сөздерден кейін «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған не- месе» деген сөздермен толықтырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

14) 185-баптың 1-тармағының 5) тармақ- шасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу тура- лы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растай- тын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжат- тың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыс- тырылсын;

«жәрдемақыны төлеу адам» деген сөздер «жәрдемақыны төлеу хабарсыз кеткен адам- ды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған немесе адамды» деген сөздермен ауыстырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

15) 186-баптағы «хабарсыз кеткен» деген сөздер «хабарсыз кетті» деген сөздермен ауыс- тырылсын;

16) 189-баптың 1-тармағының 2) тармақ- шасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу тура- лы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растай- тын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырыл- сын;

«жәрдемақыны төлеу» деген сөздерден кейін «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған не- месе» деген сөздермен толықтырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

17) 204-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу тура- лы немесе хабарсыз кету фактісі туралы растай- тын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырыл- сын;

«зейнетақы төлемдері» деген сөздерден кейін «хабарсыз кеткен адамды іздестіру жөніндегі жедел-іздестіру іс-шаралары тоқтатылған не- месе» деген сөздермен толықтырылсын;

өзгеріс орыс тіліндегі мәтінге енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақтың 1) тармақшасындағы «немесе хабарсыз» деген сөздер «немесе ол хабарсыз» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 238-баптың 1-тармағының 3) тармақша- сында:

«жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу

5-тарау. КӘСПІТК БІЛІКТІЛІКТІ ТАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БЫҢТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

27-бап. Жұмыс берушілер кәсіптік біліктілігін тануға жіберетін кандидаттарға берілетін өтемақылар, кепілдіктер мен жеңілдіктер

Жұмыс берушілер кәсіптік біліктілігін тануға жіберетін кандидаттарға өтемақылар, кепілдіктер мен жеңілдіктер беру тәртібі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді.

28-бап. Жұмыс берушінің қызметін декла- рациялау кезінде кәсіптік біліктілікті тануды есепке алу

Жұмыскерлерде кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттың болуы Қазақстан Респу- бликасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыс берушінің қызметін декла- рациялау кезінде ескеріледі.

29-бап. Кәсіптік біліктілікті танудың вау- черлік жүйесі

1. Тіркелген жұмыссыз адамдар кәсіптік біліктілікті ақысыз негізде тану үшін біржолғы ваучер алуға құқылы. Біржолғы ваучер жы- лына бір рет беріледі және біржолғы вау- черде көрсетілген қолданылу мерзімі ішінде пайдаланылуға тиіс.

2. Біржолғы ваучер алған адамдар кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту үшін кәсіптік біліктілікті және тану орталығын таңдауды кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіп бойынша өз бетінше жүзеге асырады.

3. Егер біржолғы ваучер қолданылу мерзімі ішінде пайдаланылмаса, оның күші жойыла- ды. Біржолғы ваучердің қолданылу мерзімі біржолғы ваучерді алған адамның еңбекке уақытша жарамсыздығы кезеңінде ұзартылуға жатады.

4. Біржолғы ваучер негізінде кәсіптік білік- тілікті тану рә